



Жеке тұлғаға қарсы  
қылмыстар. Адамды  
ұрлау

## Адамды ұрлау

Адамды оның еркінен тыс жағдайда заңсыз, қасақана басып алып оған иелік етіп, ұрлаушылардың билігінде ұстауды адам ұрлау деп айтамыз



Қылмыстың тікелей **объектісі**-адамның жеке бостандығы, қосымша тікелкй объект-жәбірленушінің өмірі, денсаулығы, меншігі. Қылмыстың жәбірленушісі-жасына, денсаулық жағдайына, азаматтығына, әлеуметтік жағдайына қарамастан ұрланған адам. Өз баласын басқа ата-анасынан, ұрлап алып кетуі бұл қылмыстың құрамына жатпайды.



**Объективтік** жағынан мына әрекеттерді белсенді түрде жүзеге асыру арқылы көрініс табады: тірі адамды оның еркінен тыс жағдайда жасырып, ашық түрде немесе алдау жолымен қолға түсіру, оны тұрақты мекен-жайынан немесе уақытша тұрып жатқан жерінен басқа жерге апару; ұрланған адамды бас бостандығынан айырып ұстау. Қылмыс адамды оның еркінен тыс жағдайда қолға түсірген уақыттан бастап аяқталған деп танылады, қылмыс формальдық құрамға жатады.





**Субъективтік жағынан қылмыс тек тікелек қасақаналықпен істеледі.**

**Қылмыстың субъектісі- 16-ға толған кез келген адам.**



## 125-бап. Адамды ұрлау

1. Адамды ұрлау – төрт жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.



## 2. Мынадай:

- 1) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;
- 2) бірнеше рет;
- 3) өмірге немесе денсаулыққа қауіпті күш қолданып;
- 4) қаруды немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданып;
- 5) көрінеу кәмелетке толмаған адамға қатысты;
- 6) кінәлі адамға жүктілік жағдайда екені көрінеу белгілі әйелге қатысты;
- 7) екі немесе одан да көп адамға қатысты;
- 8) пайдакүнемдік ниетпен жасалған дәл сол іс-әрекет – мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.





3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер, егер оларды:

1) қылмыстық топ жасаса;

2) ұрланған адамды қанау мақсатында жасалса;

3) абайсызда жәбірленушінің өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқса –мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Ұрланған адамды өз еркімен босатқан адам, егер оның әрекеттерінде өзге қылмыс құрамы болмаса, қылмыстық жауаптылықтан босатылады

